

"Кәсіпшілік күш-жігер нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 298 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 11 қыркүйектегі № 250 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 18 қыркүйекте № 33422 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кәсіпшілік күш-жігер нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 298 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17257 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде кәсіпшілік күш-жігер нормативтері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар министрі*

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи

ресурстар министрі
 2023 жылғы 11 қыркүйектегі
 № 250 Бұйрыққа
 қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Премьер-Министрінің
 орынбасары –
 Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрінің
 2018 жылғы 12 шілдедегі
 № 298 бұйрығына
 қосымша

Балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі кәсіпшілік күш жігер нормативтері

Су айдындары	Саны*					
	қойылмалы аулардың	жылымдарды н (үйінді және /немесе қойылмалы)	қабадалар	балықшылар	кемелер	қайықтар
Жайық өзені **	-	32	-	320	32	96
Қиғаш өзені * *	-	28	-	280	28	84
Қиғаш өзенінің сағалық кеністігі	3525	-	8225	591	20	197
Каспий теңізі Маңғыстау облысы шегінде	9504	61	609	821	61	411
Жайсан көлі	2778	42	-	817	42	283
Бұқтырма су қоймасы	2925	11	-	528	11	231
Шүлбі су қоймасы	848	10	-	182	-	71
Өскемен су қоймасы	146	-	-	22	-	11
Шардара су қоймасы	892	22	-	266	22	89
Кіші Арал теңізі	4500	10	-	960	10	460
Сырдария өзені	80	4	-	64	4	24
Алакөл көлі	450	5	-	115	5	50

Сасықкөл көлі	580	5	-	141	5	63
Кошқаркөл көлі	90	1	-	23	1	10
Балқаш көлі	3600	54	-	684	108	180
Қапшағай су қоймасы	б і р балықшыға 15	бір учаскеге 10	-	1 шақырым учаскенің ұзындығына* ** 2	бір учаскеге 10	1 шақырым учаскенің ұзындығына* ** 2

Ескертпелер: * - Қапшағай су қоймасын есепке алмағанда, балық аулауға рұқсат пайдаланушыға осы балық шаруашылығы су айдынына бекітілген кәсіпшілік күш-жігер нормативіне және оған бөлінген квота үлесіне (бөлінген квотаның осы су айдынында және (немесе) учаскесінде кәсіпшілік балық аулауға арналған жалпы лимитке қатынасы) қарай беріледі.

Әрбір пайдаланушы үшін кәсіптік күш-жігер нормативін есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$N_{\text{кн}} = N_{\text{бекіт}} \times \text{Квота} / \text{Лимит},$$

мұндағы $N_{\text{кн}}$ - балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне арналған кәсіпшілік күш нормативі (балықшылардың, аулардың, жылымдардың, қайықтардың, кемелердің саны) (бірлік.);

$N_{\text{бекіт}}$ - су айдынындағы кәсіпшілік күш-жігердің бекітілген нормативі (бірлік);

Квота - ағымдағы жылдың 1 шілдесінен келесі жылдың 1 шілдесіне дейін пайдаланушыға бөлінген квота (тонна).

Лимит - ағымдағы жылдың 1 шілдесінен келесі жылдың 1 шілдесіне дейін кәсіпшілік балық аулауға бекітілген лимит (тонна).

** - Жайық және Қығаш өзендерінің ұйықтық учаскелеріне кәсіпшілік күш-жігердің нормативтері жалпы бекітілген нормативтерді ұйықтық учаскелер санына бөлу жолымен белгіленеді (бөлінген квота үлесін есепке алмағанда).

*** – балық шаруашылығы учаскесінің паспортына сәйкес жаға бойынша учаскенің ұзындығы.